ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

(Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған)

2024 жылғы 22 сәуір Іс № 3514-24-00-2/1534 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер ««Оспанкулова» Динара Нагашбековна Оспанкулова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

Аталған іс Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тармағына сәйкес, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШТІ:
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны дара кәсіпкер «Оспанкулова»

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 22.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.05.2024, судья Тастанбаева Г. О., 30.05.2024
3514-24-3-1/1526

Динара Нагашбековна Оспанкулованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қойылған талабы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Оспанкулова» Динара Нагашбековна Оспанкулова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Оспанкулова» Динара Нагашбековна Оспанкуловадан мемлекет пайдасына 1842 (бір мың сегіз жүз қырық екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 22.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.05.2024, судья Тастанбаева Г. О., 30.05.2024

«Т ЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»